

## 2009 жылы Іле ауданы бойынша әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 22 сәуірдегі N 4-672 қаулысы . Алматы облысы Іле ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 21 мамырда N 2-10-93 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 12-2173 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 12-2173 Қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 13)-ші тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-4) тармақшасын, 18-1 бабын іске асыру мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынған жұмыс берушілерді іріктеу Тәртібі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Жұмыс берушілер мен әлеуметтік жұмыс орындарын құру туралы келісім-шарттарды жасау "Іле аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" Мемлекеттік Мекемесіне уәкілетті етілсін.

3. Іле аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі Мемлекеттік Мекемесі (Құматаев Нұрлан Орынбасарұлы):

1) 2009 жылдың қаңтар айынан бастап жұмыссыздар есебінде тұратын халықтың нысаналы топтарына жататын жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс о р ы н д а р ы н а ж і б е р с і н .

2) жұмыс берушілердің әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан жұмыссыздардың еңбек ақысына төлеген шығындарының бөлігі ай сайын ең төмен еңбек жалақысы мөлшерінде белгіленіп, жұмыссыздардың есеп шоттарына Қазпошта арқылы аударылсын.

4. Аудандық қаржы бөлімі (Дуйшенбаева Лаззат Балиқанқызы) жұмыссыз азаматтарға арналған әлеуметтік жұмыс орындарының төлем ақысына ақшалай қаржыны мерзімінде бөлуді қамтамасыз етсін.

5. Іле ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы "2008 жылы Іле ауданы бойынша әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" N 13-

13414-ші қаулысы 2008 жылы 24 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіміне N 2-10-68 болып енгізілген, 2008 жылы 8 ақпанда "Іле таңы" газетінің N 5 санында жарияланған, орындалуына байланысты күшін жоюсы.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Файль Виктор Александровичке жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Н. Логутов*

Іле	ауданы	әкімдігінің
2009	жылғы	2009
22	сәуірдегі	N
"2009	жылы	Іле
бойынша	әлеуметтік	ауданы
орындарын		жұмыс
туралы"		ұйымдастыру
қосымша		қаулысына

## **Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынған жұмыс берушілерді іріктеу ТӘРТІБІ**

1. Әлеуметтік жұмыс орындары жұмыс берушілер мен уәкілетті органдар арасында келісім - шарт негізінде, жұмыссыздардың мақсатты топтары үшін құрылады, жұмыс берушілерге жұмыссыздарға төленген еңбек ақы шығындарының бөлігі өтеледі.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынған жұмыс берушілерді іріктеу төмендегі өлшемдер арқылы іске асырылады:

1) әлеуметтік жұмыс орындары халықтың нысаналы топтарына жататын жұмыссыздарға арнайы арналған болуы тиіс;

2) әлеуметтік жұмыс орындары уақытша жұмыс орны болып табылады, оларды ұйымдастыру үшін тұрақты және бос жұмыс орындары қолданылмайды;

3) жұмыс берушілердің жұмысты икемді кесте арқылы және жартылай жұмыс күнін белгілеп ұйымдастыруына мүмкіндігі бар;

4) әлеуметтік жұмыс орындары әлеуметтік жағынан тиімді де пайдалы болуы керек.

